


# ТҰРЫСБЕК КҮЙШІ - ӘТТІМБЕТ МҰРАҒЕРІ

- Қазақ редакциясы осы ма деп, қолында үкілі домбырасы бар, ақ сары жігіт ағасы кіре сәлем берді. Өзін, ілешала таныстыра бастады. Мен - Тұрысбек деген Тәттімбет бабамыздың күйлерін зерттеуші, орындаушы, насихаттаушы боламын деді, сәл жымына сөйлеп.

- Дұрыс-ақ екен, жоғары шығыңыз, ал бір күй орындап жіберіңіз дедік әзіл араластыра. Көп сөзге келмей Тәтті бабамыздың күйі бөлме ішін баурап алды. Орыс тілді әріптестеріміз де ықылас қоя тындап, таңданыс сезімдерін жасырмады.

Сонымен, біз бүгін ата-бабамыздың көнеден қалған мол мұрасының бірі - киелі күй өнерінің адам жанын не бір әсерге бөлейтін ғажайып күшін ес білгеннен сезініп, бойына дарытқан ел таныған шертпе күйдің атасы Тәттімбет Қазанғапұлының (1815-1862 ж.ж.) мол мұрасын 40-тан астам күйлерінің жартысынан астамын орындаушы белгілі домбырашы Тұрысбек Түсіпбеков жайлы айтпақпыз.

Бір нерсе ақиқат. Тұрысбектің арғы тегіне тартып туғандығын мойындамасқа болмайды. Зер салсақ, ол бұрынғы Қазыбек би ауданы, Мыржық тауы ішіндегі Мөшек-Маңыбай бұлағы деген жерде дүниеге келген екен. Тарихқа жүгінсек бұл жерде ұлттық өнеріміздің ірі тұлғаларының бірі Тәттімбет Қазанғапұлы туады. Адамзатқа Абайдай ұл сыйлаған. Ұлжан Тұрпанқызы 1810 жылы осы Тұрысбек туған Маңыбай бұлақта туған, өрі-беріден соң Тұрысбек күй күмбезі атанған бабасымен туыс. Міне, қанмен дарыған қасиетті өнердің қайнар бұлағы қайдан бастау алып жатыр дегенге бір жауап. Осындай ортадан шыққан жас Тұрысбектің икемі мен талабын бірден байқаған ауылдағы Тәттімбеттің немере жақынын Зейнолла Қаймолдин ақсақал. "Бұлақ көрсең көзің аш" - демекші оның құлағына атақты күйші бабасы туралы әңгіме құйып, шығарған күйлерінің тарихын қызықты етіп әңгімелеп, домбыра тартқызып үйрете бастайды. Бұған бала Тұрысбек қатты қызығушылықпен құлай беріліп, өзінің зеректігімен бірнеше күйді тез үйреніп алады. Тұрысбек сол бір балалық балдәурен туралы бүгінде еске алғанды. Оның айтуынша ауылдасы күйші-домбырашы Ақан Әжібеков деген сері азамат күйшілік өнерге баулуда көп әсер ет-



Тұрысбек Түсіпбеков

кен. Мыржық елді-мекендегі жеті жылдық мектебінде оқып жүріп, күйшілік өнерге ден қоя бастаған 1966 жылдардың жазында ауылға, ертеде Достар болысының ел билеушісі болған, бұл қызметке дейін Қарқаралы ауылшаруашылығы техникумын бітірген, 1928 жылы тәркіленіп әуелде Балқашқа, одан кейін Семейге жер аударылып кеткен Тәттімбеттің туған немересі. Шайқы Мұсатайұлы келеді. Тұрысбектің әкесі Түсіпбек Кенжетайұлын ертіп ол ел аралайды. Тәттімбет бейгінің басына барып құран оқытады. Тәттімбеттің қай жерге жерленгенін көрсетіп басына белгі орнатады. Осы кездегі 17-18-дегі бала Тұрысбекті қастарына бірге ерте жүреді. Шайхының айтқаны "Әкем Тәттімбет қайтыс боларда өсиет қып айтқаны, Қазанғаптың маған жаны емес, босағасы да жарайды", - деп ұрпағының ішінен Тәттімбеттің күйлерін тартып, оны халыққа насихаттайтын, мұрагер бір ұрпағы шықса ғой деген сөздері бала болса да құлағында қалып қояды. Шайхы Мұсатайұлының алдында ең әуелі "Сылқылдақ", одан кейін Тәттімбеттің басқа да күйлерін тартып беріп, ішкі әлемінде күйші бабасының мұрасын өскен кезде халыққа кең түрде жеткізіп насихаттасам ғой деген бір бұлқыныстың пайда болған кезі міне осы тұстын. Ары қарай Қарқаралы музыка мектебін ойдағыдай бітіріп Тәттімбеттің күйлерін ендігі жерде нотаға түсірсем-ау деген арманын жүзеге асуына тың бір мүмкіндік ашады. Ел ішіндегі күйлерінің шығу тарихы жайындағы әңгімелерді

жазып алады. Белгісіз Бертіс би, "Маңыбай би", "Мыржықта" сияқты күйлерін үйренеді. Шын мәнінде Тәттімбет күйлерін іздестіріп, зерттей бастайды. Қарқаралыда оқыған жылдары Францияға барған "Салтанат" ансамблінің құрамында күй тарта жүріп, өнерін шындайды. Бұл жетпісінші жылдардың бірінші жартысы еді. Тұрысбек Түсіпбеков Ақмола қаласындағы Сәкен Сейфуллин атындағы педагогикалық институттың музыка факультетінде оқыған жылдары да, Тәттімбет шығармашылығынан қол ұзген жоқ. Өртүрлі кештерде лекциялар оқиды, күйлер тартады. Мәселен, Ақмола қаласындағы (Целиноград) Сәкен Сейфуллин атындағы педагогикалық институттың музыка факультетінде өткен кеш туралы "Учитель Казахстана" газетінің 1974 жылғы 14 ақпанында басылған "О народном композиторе Таттимбете" деген мақалада Тұрысбек Түсіпбеков шығармашылығына тоқталып "Қос басар", "Көкейкесті" күйлерін орындау дәрежесін атап өтеді. "Қос басар" сияқты ғаламат күйлерді жеріне жеткізіп орындау оңай болмаса керек делінеді. Тұрысбек Ақмола қаласындағы облыстық теледидардан Тәттімбеттің шығармашылығы мен өмірі жайлы жүргізген хабарым - соның ішінде ең бір маңыздысы - деп еске алады. Тұрысбек үлкен аудиториядағы алғашқы қадамы туралы осылай сыр шертеді. Өзінің саналы өмірін осылайша Тәттімбетке арнап бастаған жас жігіт, ерекше бір қасиет - талмай ізденгенді жақсы көрді, жиған-терген, қағазға түсіргендерін сақтап жинай береді. Бұл жолда көпті көрген адамдармен пікірлесіп, ақыл-кеңестерін алып отырды. Оның куәсіндей Тұрысбектің қолында ғұлама ғалымдардың, тағы басқа зиялы қауыммен әр кез жазысқан хаттары сақталған. Соның бірі былайша сыр шертеді:

Қадірлі Тұрысбек күйшіге! Жіберген кітабыңызды алдым, көп-көп рахмет. Тегі сонау Бертіс атаңнан өрбіген несіл дүниеге босқа келмеген боларсындар, өз өнерің мұрагерлеріңе де қонғай-ақты.

Мықтап үйреніп көр.

Туған жер - суларың күйшімен бір екен, одан да бірдеңелер ауысқан болар. Қалайда сен өзің елің таныған

күйшісің Егіндібұлақ ауданында өнер өркендеуіне жағдайы бар сияқты, өнерге ұстаз керек, мүмкін мен айтпасам да сол қызметті атқарып жүрген боларсың.

Еңгебіңе өнімділік, мазмұндылық, көркемдік тілеуші. Социалистік еңбек ері, академик, жазушы  
Фабит Мүсірепов.  
Алматы, 05.09.1981 ж.

Міне, бұл жолдағы шертпе күй шебері мұрагерінің еңбегі жемісті болып, 1988 ж. өнер баспасынан Тәттімбеттің 25 күйінің нотасы басылып шығып, "Сарыжайлау" атты күйлер жинағы жарық көреді. Осы жинақта "Сары қамыс", "Көш жанаған" сияқты т.б. бұрын белгісіз болып келген күйлер Т. Түсіпбековтың орындауында нотаға түсірілді. Хаттар демекші; Ардақты Тұрысбек!

Сіздің елге күйші ұрпақтарына менен көп жылы сәлем. Хатыңды әдемілеп жазғансың, 1974 жылы тамыз айында Тәттімбет ұрпақтарын Түсіпбек Кенжетайұлымен бірнеше күн болып Тәттімбеттің 40-тан астам күйлерінің шығу тарихын өз аузынан жазып алғам, ұрпақтарының Тәттімбет аталары туралы айтқан жарқын сөздерін бір дәптерге түсіргемін. Тұрысбек бабаң Тәттімбет күйші туралы көп күрделі мәліметтер жинап алғансың. Оның бір күйін "Сары қамыс" домбырамен орындап бергенсің.

Менің аса қуанғаным Қазақстан үкіметінің қаулысы бойынша Қарағандының музыка училищесі Тәттімбет атымен аталған, оның көп күйлерін Ташкент қаласында пластинкаға түсірген, барлығы 13 күй жарық көрген. Қарағандылық суретшілері бос жатпаған. Оларда Тәттімбетті жарыққа шығару үшін, оның портретін жасап музыка училищесіне берген. Бұл туралы пікірімді жоғарғы басшы орындарға айтып жеткіземін!

Сөлеммен академик  
Әлікей Марғұлан.

Қазақ ғылым академиясының  
академигі.

Алматы, 25 тамыз 1984 ж.

Қарағандының облыстық кеншілер мәдениет сарайының кино клубы шығарған Тәттімбеттің күйлері атты деректі фильмде күйші бабасының бірнеше күйін орындайды. Осы жерде Тұрысбектің насихаттаушылығына байланысты ерекше қасиеті, күйлерді шебер орындап, тыңдаушысын ұйытып қана қоймайды, оның шығу тарихын жайлы да көп деректер жинағандығын, әдемі етіп кездесу кештерінде айта білетіндігі. Мәселен Тұрысбектің айтуынша Тәтекеңнің немере жақыны Зейнолла Қаймолдин және әкесі Түсіпбек Кенжетавтардың әңгімелерінен атақты "Қос басар" күйінің тоғыз түрі бар екендігін

естіп біледі. Бұдан ұлы композитордың сезім дүниесінің бір сәтінде жарық көріп, домбыра шанағына құйылған шығармасында, халқына айтайын деген ойы әлі де жетпей жатқанына көңілі тола қоймай, оны жетілдіре беруге, өңдей түсуге деген шығармашылық үздіксіз ізденісін аңғарамыз.

Тәттімбеттің "Сарыжайлау" күйінің шығу тарихы туралы да Тұрысбек қызықты етіп әңгімелеп берді.

Санкт-Петербургте 1855 жылы 23 наурызда Ресей императоры Александр ІІ-нің таққа отыру тойына Сібір қазақтарының өкілі ретінде Көкшетау дуанынан Шыңғыс Уәлиханов, Баянауыл округінен Мұса Шорманов, Ақмола дуанынан Ыбырай Жайықбаев, Қарқаралы дуанынан Тәттімбет Қазанғапұлымен бірге сегіз адамды қабылдаған. Қабылдау рәсімінде Тәттімбет өзінің өзекжарды шығармасы "Сарыжайлау" мен "Көкейкесті" күйін орындап беріп, патшаның өз қолынан күміс медаль алған. Сол жолы Александр ІІ-нің алдында "Бес төре" күйін де шерткен деген сөз бар. Патша сарайында домбыра тартқызып, бір мақтанып қалу үшін, төреліктер Тәттімбетті өздерімен ерте барған. Ол жөнінде Шоқан Уәлихановтың шығармалар жинағының 4-ші томының 196-197 беттерінде жазылған. Тұрысбек "Көкейкесті" күйін тартқанда ерекше толғанып:

Домбырамда бір күй бар  
көкейкескен,

Көкей кескен ұға алсаң  
шықпайды естен,

Бір кезде сол көкейді алмас қылыш,  
Жан қайғысын ағызып шаншып

тескен, -  
деген өлең жолдары еске еріксіз оралады дейді.

Ал "Сарыжайлау" күйін шерткенде: Шілдеде тұнып тұрған жайлау қандай,  
Желіге құлындарды байлау қандай,  
Қазақтың қай жеріне барсам-дағы,  
Күйді естігем жоқ "Сарыжайлаудай", - деп өлеңдетіп жібереді.

Ал, енді Тұрысбектің айтуы бойынша композитор "Сылқылдақ", "Көкейкесті", "Бес төре" күйлерін Петербургке барып келген соң, Құнанбай ауылына барып, ұлы ақын Абайға арнап тартқан дейді. Абайдың анасы Ұлжан Тәттімбеттің апасы болғандықтан, Құнанбай жездесінің ауылына жиі барып тұрған. Абай 1904 жылы қайтыс болғанда, жерлеуге Достар болысының ел билеушісі Тәттімбеттің үлкен ұлы Мұсатай мен оның жақын туысы Кенжетай Мінекейұлы екеуі қатысып, жетісімен қырқын өткізіп, "Шыңғыстаудағы" Жидебай қыстауына барып қайтқан. Тәттімбет күйші мен жас ақын Абай арасындағы байланыстар мен аңыз әңгімелерді, Абай Құнанбаевтың ауылында өткен 150 жыл тойына келген Абайдың Тұрағұлынан туған қызы

Мәкен шешейге айтып, Тұрысбек "Абай сүйіп тыңдаған Тәттімбет нағашысының бұрын белгісіз болып келген "Бертис би", "Маңыбай би" атты күйлерін нақышына келтіріп орындап береді.

Тұрысбек Түсіпбеков аудандық облыстық республикалық газет-журналдарға 200-ден астам осы уақытқа дейін атақты күйшінің өмірі мен шығармашылығы туралы мақала жариялаған. Тұрысбек мәдени қызмет саласындағы тамаша еңбегі үшін ҚР мәдениет министрлігінің, облыстық мәдениет басқармасының дипломдары мен мақтау грамоталарына ие болған. 1985-1987 жылдары өткен Бүкілодақтық халық шығармашылығы көркемөнерпаздар фестивалінің екі дүркін лауреаты атанып, екі медальмен марапатталған.

Сонымен қатар Тәттімбеттің туғанына 175 жыл толуына алматылық Қазақстан суретшілер одағының мүшелері Иханова Амангүл, Үмбетов Жангірлер Тәттімбеттің музыкасы деген биіктігі 2 метр ұзындығы 5 метр gobelen (түскілем қолдан тоқып жасады). Gobelenнің сол жағында күйшінің ұрпағы домбырашы Тұрысбек Түсіпбеков бейнеленген.

Сондай-ақ Тәттімбеттің туғанына 175 жыл толуы мерейтойына байланысты мәскеулік тележурналист Геннадий Иванович Сытых, 17 тамыз 1990 жылы Мәскеуден 120 минут теледидарлық бағдарламадан көрсетті. Ал мәскеулік Бүкілодақтық "Маяк" радиобағдаламасынан радиожурналист Наталья Сергеевна Таналина хабарлар жүргізіп, мұнда бұрынғы (Арқалық совхозы) қазіргі Тәттімбет атындағы кеңшарда Түндік өзені бойындағы мазары жанында Тұрысбектің, Тәттімбеттің "Қоянды", "Мыржықты" сияқты бұрын белгісіз болған күйлерін аса шабытпен орындады деп бйіледі.

...Мешеке-Маңыбай құрдас екен дейтіндер. Маңыбайдың ылғи құла сары бауыр 10 мың жылқысы боп, шанышарлардан шыққан сал-серілерге сәйгүлік тұлпарларды сыйлап отырыпты. Бауырының бұл ісін жаны сүйген Мешеке жақын жерден оған қыстау салдырып өмір бойы қоныстаныпты. Бұл қыстаудан барып Маңыбай тауы аталған. Тұрысбекте осы арада туғандықтан күй тыңдап, үйреніп өскен.

Тұрысбек Түсіпбеков шын мәнінде өнерді қадірлеп өскен, ән-күйді сүйген, есімі елге танымал, сегіз қырлы, бір сырлы талантты өнерпаз, музыка әлемінде, Тәттімбет тануда ол әлі талай еңбек етіп, табысқа жетері сөзсіз. Ол даңқты баба күйлерінің бүгінгі нағыз жаршысы, жанашыры, көусар бұлағы.

Майталман күйші Тұрысбек Түсіпбекулына творчестволық табыс тілейік.